

Арқалық политехникалық колледжі Қостанай облысында техникалық және кәсіптік білім беруде жетекші оқу орындарының бірі. Колледжде «Мамандық өмір таңдауы» тақырыбында кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында ашық есік күні өтіп мектебіміздің 9 «А», 9 «Г» сынып оқушылары қатысты. Бұл іс-шараның мақсаты – талапкерлерге болашақ мамандығын таңдауға көмектесу. «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алибаева Сара Ануарбековна оқушыларға оқуға қабылдау шарттарымен, қабылдау сынақтары жөнінде жалпы колледж туралы толық ақпарат берді. Колледжде экскурсия барысында оқушылар колледждің тарихымен, материалдық базасымен танысты, кабинеттер мен зертханаларды, спорт, жаттығу және оқу залдарын, шеберхана, кітапхананы аралады. Аспаздық, шаштараз, тігін және автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету кабинеттері оқушылардың назарын ерекше аударды. Колледждің өнерпаз студенттері ән мен жырдан шашу шашып ашық есік күнін қорытындылады.





